

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»

РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен

БЕКІТІЛДІ

« 17 » *сәуір* 2026 ж.

№ 2 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы

Г.А. Ахмедьяров

**«КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ» РММ**

**ҚАБЫЛДАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.
ТАЛАПКЕР «КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰӨУ» МАГИСТРАТУРАСЫНА ТҮСУДІҢ
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСУЫ ТИІС!**

- ✓ **МАГИСТРАТУРА**
- ✓ **М025 – «ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕР»**
- ✓ **7М02113 - Дәстүрлі музыкалық өнер (түрлері бойынша) – «Дәстүрлі жыр»**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Алдыңғы білімі: бакалавриат (бейіні бойынша сәйкестік)	Шекті балл
«Дәстүрлі жыр»	7М02113- «Дәстүрлі жыр»	Қазақ	Білім беру бағдарламасы «Дәстүрлі жыр» (Айтыс)	75 грант және ақылы

2. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Мамандық

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес магистратура жоғары оқу орнынан кейінгі білімге жатады және жоғарғы оқу орындары, өнер саласындағы кәсіби жырау және ғылыми ұйымдар үшін ғылым және ғылыми-педагогикалық мамандарды дайындауды қамтамасыз етеді.

Магистратурада білім берудегі мақсат магистрантты өз бетімен оқуға, ғылыми зерттеу және ғылыми педагогикалық қызметпен айналысуына ынталандыру

- Магистратураға түсушілерге қойылатын талаптар:
- Жоғары базалы (бакалавриат) білімі не бағыттар (мамандықтар) бойынша арнайы жоғары білімі болу керек
- Шет тілінен (тестілеу) және мамандық бойынша емтихан (ауызша) тапсырылады
- Оқуға қабылдану оқу бюджеттік және коммерциялық негізде жүзеге асырылады.
- Білімдік магистрлік бағдарламаны жемістің игерген бітіруші докторантурада білім алуға дайын болады.

Музыкалық дайындығы бар (Жоғары базалы (бакалавриат) білімі не бағыттар (мамандықтар) бойынша арнайы жоғары білімді бітіруші талапкерлерге емтихан талабы бойынша:

Шығармашылық емтихан бағдарламасы: (талапкер өз мектебі бойынша шығармаларды таңдап дайындап тапсырады)

1. Терме-толғау
2. Дастаннан үзінді немесе мысал өлең
3. Қазіргі заман ақын-жыраулар шығармасынан
4. Дәстүрлі ән

*Орындаған шығармаларының авторлары туралы мәліметтерді білу керек

1. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҢ РЕФЕРАТЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СҰХБАТ.

Жалпы талаптар:

Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының Реферат негіздемесін талапкер алдын ала белгіленген мерзімде қабылдау комиссиясына тапсырады. Рефератқа білім немесе ғылым мекемесінде (ҒЗИ) жұмыс істейтін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінде дәрежесі (ғылым докторы немесе кандидаты немесе PhD (бейіні бойынша философия докторы, академиялық дәрежесі) бар ғалым қол қойған **1 РЕЦЕНЗИЯ** ұсынылуы тиіс. Рецензия рецензенттің жұмыс орны бойынша расталуы тиіс.

Рефератқа қойылатын талаптар:

1. Реферат тақырыбы мамандандыру профиліне сәйкес келуі керек.
2. Көлемі: 20-25 бет (титулдық бет, мазмұны мен қолданылған әдебиеттер тізімін қоса алғанда)
3. Реферат құрылымы және рәсімделуі:
 - титулдық бет;
 - кіріспе (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу деңгейі, жаңашылдығы, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы көлемі);
 - реферат мазмұны (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);
 - қорытынды;
 - қолданылған әдебиеттер тізімі;
 - қосымшалар (рефераттың жалпы бет көлеміне енбейді).
4. Рефераттың рәсімделуі:
 - Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;
 - Интервал – бір;
 - Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см.;
 - Абзац шегінісі – 1 см.

Реферат мәтінінде міндетті түрде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер көрсетіледі және Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары бойынша рәсімделген пайдаланылған дереккөздер/материалдар мен әдебиеттер жеке көрсетіледі.

• Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>II шығармашылық емтихан</i>
36-40	Талапкердің өз өңіріне сай жыраулық мектебін терең меңгере отырып, орындаушылық қырын жақсы көрсете білуі. Домбыраны қостап тартуда өңірдің стильдік ерекшеліктерін сақтау	36-40	Зерттеудің өзекті мәселесін сәтті негіздеді, эрудицияның жоғары деңгейін, терең аналитикалық ойлауды көрсетті, ғылыми аппаратқа ие, нақты мақсат қояды және мәселелерді шешу

	және жоғары кәсіби деңгейді барлық жағынан көрсету. Жыр не ән болмаса терме-толғаудың мәтінін бұзбай мазмұнын барынша аша білуі, дауыс және дыбысты бағыттау заңдылықтарын сақтау, есту қабілетінің жоғары болуы. Өз ұстанымы мен ізденімпаздылығы жоғары болуы. Талапкердің жоғары талапқа сай орындалуы мінсіз болған жағдайда бағаланады		жолдарын көреді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы негізделген. Зерттелетін мәселенің тарихы, теориясы мен әдіснамасы саласындағы білімнің сапалы деңгейін көрсетеді. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).
32-35	Талапкер орындалатын әнді, терме-толғауды өз деңгейінде көрсету, жыр-дастаны мен мысал өлеңдерінің мәтінін нақты білу, дауыс және дыбыс бояуын анық шығару, домбырада қостап тарту шеберлігін көрсету, дәстүр бойынша өз өңірінің ерекшелігін мейлінше игеру. Өңірдің орындаушылық дәстүрін сақтай отырып, өз мүмкіншілігін жақсы көрсету Талапкердің барлық көрсеткіштері талапқа сай болып, тек еске сақтау, қабілетінде кешігу, тежелу болса, аспаппен сүйемелдеуі дәстүрге сай келмесе осы баллмен бағаланады	32-35	Талапкер мақсат пен міндеттерді жақсы тұжырымдады, мәселенің өзектілігін негіздеді, зерттеудің негізгі ережелерін қисынды түрде баяндады, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен әдіснамасы мәселелері бойынша білімнің жақсы деңгейін көрсетеді. Берілген материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).
27-31	Бағдарламадағы орындалатын ән не болмаса терме-толғаулардың мәтінін анық білмеуі, Талапкер өңірдің шығармаларын және домбырада қостап тарту ерекшелігінің сақталмауы, шеберлік деңгейінің жетіспеуі, орындаушылыққа үстіртін қарауы және	27-31	Талапкер мақсат пен міндеттердің жақсы тұжырымдалуын, зерттеудің негізгі ережелерін жақсы көрсетуді көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық мәселелері бойынша білім деңгейі орташа. Ұсынылған материал талаптарға сай

	сахна мәдениетінің жетіспеуі, сахна мәдениеті, тіл тазалығы (дикциясы) жақсы болса, осы көрсетілген баллмен бағаланады		келеді (мәтін кемінде 15 бет).
22-26	Бағдарламадағы орындалатын жыр не болмаса терме-толғаулардың мәтінін анық білмеуі, өңірдің ән салу және домбырада қостап тарту ерекшелігінің сақталмауы, шеберлік деңгейінің жетіспеуі, орындаушылыққа үстіртін қарауы және сахна мәдениетінің жетіспеуі. жыр мәтіндерін орындау барысында қателіктер кездессе осы баға қойылады.	22-26	Талапкер зерттеудің негізгі ережелерін көрсете отырып, мақсат пен қойылған міндеттерді түсінуді көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілері бойынша білімі жеткіліксіз екені көрінеді.
17-21	Жыр, терме-толғаудың мәтіндерін білмеу, дауыс бояуының жоқтығы, орындаушылық дәстүрлерді түсінбеуі, шеберлік деңгейінің өте төмендігі және орындаушы ретінде талапқа сай болмауы, есту қабілетінің төмендігі. Орындаушылығы орташа, дауыс күші әлсіз болса, сөйлеу мәнерінде, дыбыстарда кемшілік болса осы баллдармен бағаланады.	17-21	Талапкер зерттеу проблемасының мәнін нашар түсінеді, жазбаша ғылыми баяндау дағдыларының жеткіліксіздігін және жұмыстың өзектілігінің шектеулі дәлелдерін көрсетеді. Ғылыми аппаратты нашар меңгерген, жұмыс көлемі аз (15 бет).
12-16	Талапкер өз дауысын игере алмай жыр айту барысында дауысы қырылдап, мақам құрылысынан, жырдың, терменің сөздерінен жаңылса, дыбысы таза болмаса, дикциясы нашар болса. Сахналық мәдениеті мен ұстанымы әлсіз болса осы мөлшердегі	12-16	Мақсат пен міндеттер тұжырымдалған, бірақ зерттеудің практикалық және теориялық маңыздылығы туралы түсінік жоқ, жұмыстың өзектілігі туралы нақты негіздеме жоқ, аз жұмыс көлемін ұсынды (15 немесе одан аз бет).

	балл		
7-11	Жырды түсінбей кәте орындап ұлттық аспапты (домбыра, қылқобыз т.б.) дұрыс меңгере алмаған, сондай-ақ, жыр орындау кезінде, импровизациялық тұрғыдан өзін меңгере алмаған, және мазмұнын аша алмаған талапкерлерге қойылады.	7-11	Зерттеудің өзектілігінің, теориялық және практикалық маңыздылығының жоқтығын көрсетеді, ғылыми аппаратты меңгермеген және мамандандыру профилінің тақырыбына сәйкес келмейді.
0-6	Талапкердің қалыптасқан мектебі жоқ, орындаушылық деңгейі төмен, есту қабілеті әлсіз дағдысы қалыптаспаған, поэтикалық жыр құрылымындағы формаларды яғни буын, ұйкастары қалыптаспаған, макамдарды кәте орындап дәстүрлі меңгере алмаған дайындығы тым төмен талапкерлерге қойылады.	0-6	Әтпейді. Жұмыс ғылыми зерттеу рефератына ресімдеу бойынша талаптарға сәйкес келмейді.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: erbolsarvn@mail.ru

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznuipriem@gmail.com

Факультет деканы:  Б.А. Абенов

Кафедра меңгерушісі:  Е.А. Сарин